С условиями гарантийного обслуживания ознакомлен(а). При покупке изделие было проверено. Претензий к упаковке, комплектации и внешнему виду не имею. Подпись покупателя \_\_\_\_\_

**Корешок талона №4 на гарантийный ремонт**

(модель \_\_\_\_\_)

Изъятк \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ г. Изъятк \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ г.

Исполнитель \_\_\_\_\_ (подпись) \_\_\_\_\_ (фамилия, имя, отчество)

**Корешок талона №3 на гарантийный ремонт**

(модель \_\_\_\_\_)

Изъятк \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ г. Изъятк \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ г.

Исполнитель \_\_\_\_\_ (подпись) \_\_\_\_\_ (фамилия, имя, отчество)

**Талон № 3\***

на гарантийный ремонт дрели  
(модель \_\_\_\_\_)

Серийный номер S/N \_\_\_\_\_

Представитель ОТК \_\_\_\_\_

**Заполняет торговая организация:**

Продан \_\_\_\_\_  
(наименование предприятия - продавца)

Дата продажи \_\_\_\_\_

Место печати

Продавец \_\_\_\_\_  
(подпись)

\_\_\_\_\_  
(фамилия, имя, отчество)

\*талон действителен при заполнении

**Талон № 4\***

на гарантийный ремонт дрели  
(модель \_\_\_\_\_)

Серийный номер S/N \_\_\_\_\_

Представитель ОТК \_\_\_\_\_

**Заполняет торговая организация:**

Продан \_\_\_\_\_  
(наименование предприятия - продавца)

Дата продажи \_\_\_\_\_

Место печати

Продавец \_\_\_\_\_  
(подпись)

\_\_\_\_\_  
(фамилия, имя, отчество)

\*талон действителен при заполнении

**Заполняет ремонтное предприятие**

\_\_\_\_\_ (наименование и адрес предприятия)

Исполнитель \_\_\_\_\_ (подпись) \_\_\_\_\_ (фамилия, имя, отчество)

Владелец \_\_\_\_\_ (подпись) \_\_\_\_\_ (фамилия, имя, отчество)

Дата ремонта \_\_\_\_\_ Место печати

Утверждаю \_\_\_\_\_ (должность, подпись)

\_\_\_\_\_ (ФИО руководителя предприятия)

**Заполняет ремонтное предприятие**

\_\_\_\_\_ (наименование и адрес предприятия)

Исполнитель \_\_\_\_\_ (подпись) \_\_\_\_\_ (фамилия, имя, отчество)

Владелец \_\_\_\_\_ (подпись) \_\_\_\_\_ (фамилия, имя, отчество)

Дата ремонта \_\_\_\_\_ Место печати

Утверждаю \_\_\_\_\_ (должность, подпись)

\_\_\_\_\_ (ФИО руководителя предприятия)



**КАЛИБР**

[www.kalibrcompany.ru](http://www.kalibrcompany.ru)



**ДЭ - 580ЕРУ**

**ДЭ - 580ЕРУ+**

Пайдалану бойынша басшылық

**Соққы электр бұрғы**

## Құрметті сатып алушы!

ДЭ-580ЕРУ/ДЭ-580ЕРУ+ моделді калибрлі, қолмен жұмыс істейтін, электрлік соққылы бұрғыны (соққылы бұрғылау машинасы) сатып алған кезде оның жұмыс қабілеттілігін сынама қосу жолымен тексеріңіз. Кепілді жөндеу талонында дүкеннің мөртаңбасы, сатылым күні мен сатушының қолының қойылғандығына, сондай-ақ электр бұрғының моделі мен зауыттық нөмірінің көрсетілгендігіне көз жеткізіңіз.

Пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы талаптар мен ұсыныстарды орындау, құралмен жұмыс істеген кезде ықтимал қате әрекеттердің алдын алады және электр бұрғысының тиімді қызметін және оның қызмет мерзімінің ұзартылуын қамтамасыз етеді.



**Назар аударыңыз!** *Электр құралы жоғары қауіптілік көзі болып табылады! Жұмыс кезінде операторға болуы мүмкін қауіпті әсер түрлері: жұмыс құралының жоғары жылдамдығы, жергілікті тербеліс, шудың жоғары деңгейі мен жұмыс орнының ықтимал жоғары шаңдануы!*

Сондықтан жұмыс істеген кезде нұсқаулықтағы қауіпсіздік техникасы ережелерін мүлтіксіз сақтаңыз. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты құралдың бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде сақтаңыз.

Сіз сатып алған электрлік соққылы бұрғыңыздың, оны пайдалану талаптарына әсер етпейтін, осы нұсқаулықтағы құралдан кейбір айырмашылығы болуы мүмкін.

## 1. Сипаттамасы мен жұмысы

1.1 Айналым саны реттелетін, қолмен жасалатын, электрлік соққылы бұрғы (соққылы бұрғылау машинасы, әрі қарай мәтін бойынша - бұрғы) түрлі-түсті және қара металдарда, пластмассада, ағашта, кірпіште, бетонда және басқа да құрылыс материалдарында тесіктер бұрғылауға арналған.

Бұрғымен жұмыстың ыңғайлылығы үшін, жеткізілім жинағына қосымша тұтқа және метрикалық белгісі бар, бұрғылау тереңдегін шектеуіш жеткізіледі.

Бұрғы номиналдық жұмыс кезеңі бар, қайталанбалы-қысқа мерзімді жұмыс режиміне есептелген: жұмыс/үзіліс – 15мин/5 мин.

Бұрғыға орнатылған, екі жақты оқшаулағышы (МЭК 60745-1-2011 МЕМСТ бойынша II дәрежелі машиналар) бар, коллекторлық электрқозғалтқыш ауыспалы ток желісінен жұмыс істеген кезде барынша көп электр қауіпсіздігіен қамтамасыз етеді және жерге орналастыруды қажетт етпейді

Қабығы қамтамасыз ететін, қорғаныш деңгейі - IP20 (МЭК 60529).

Моделдер ДЭ-580ЕРУ - 1/2" кілтті патронмен -20UNF;

ДЭ-580ЕРУ+ - 1/2" жылдам қысатын патронмен жиынтықталады.

Металды, бетонды немесе ағашты бұрғылайтын бұрғы жұмыс құралы болып табылады.

1.2 Осы УХЛ 3.1 моделінің климаттық орындалу түрі 15150-69 (П 3.2) МЕМСТ бойынша, яғни, -10-нан +40 °С дейінгі жұмыс температурасы диапазоны және 80% аспайтын, салыстырмалы ылғалдылықтағы бар, бірқалыпты климат жағдайында жұмыс істеуге арналған. 230 В кернеулі және 50 Гц жиіліктегі ауыспалы ток желісінен қуаттанады. Рұқсат етілген ауытқулар: кернеу +/- 10%, жиілік +/- 5%.

1.3 Габариттік өлшемдері мен салмағы кестеде көрсетілген:

Қаптамадағы габариттік өлшемдері, мм	
- ұзындығы	300
- ені	80
- биіктігі	250
Салмағы(брутто/нетто), кг	2,3/2,1

1.4 Негізгі техникалық сипатамалары кестеде берілген:

ДЭ моделі	580EPY	580EPY+
Номиналдық кернеу, В	230	
Жиілігі, Гц	50	
Тұтынатын қуаты, Вт	580	
1/2" кілтті патрон -20UNF, диаметр сверла, мм	1,5-13	-
1/2" жылдам қысатын патрон, диаметр сверла, мм	-	2-13
Ең үлкен бұрғылау диаметрі, мм		
- металл	10	
- ағаш	20	
- бетон	13	
Сүмбінің айналым жиілігі х.х, айн/мин	0-3000	
Қауіпсіздік дәрежесі (Р МЭК 60745-1-2011 МЕМСТ)	II	
Ашасы бар, қуат сымы ұзындығы, кем емес,, м	2	
Сүмбідегі ойма, дюйм	1/2	
Электрқозғалтқыш	Бір фазалы коллекторлық	

Бұйым нәліндегі сериялық нөмірдің мәні:

S/N XX XXXXXXXX/ XXXX

Әріптік-цифрлық таңба / дайындалған жылы мен айы

1.5 Бұрғы сатылымға келесі жинақпен түседі\*:

ДЭ моделі	580ЕРУ	580ЕРУ+
Бұрғы		1
Кілтті патрон/ кілт	1/1	-
Жылдам қысатын патрон	-	1
Қосымша тұтқа		1
Тереңдікті шектегіш		1
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық		1
Қаптама		1

\*жеткізіліміне қарай жиынтықталымы өзгеруі мүмкін

1.6 Бұрғының жалпы көрінісі 1 суретте көрсетілген:



1 – патронның кілті; 2 - патронның жұдырықшасы; 3 – патронның төлкесі; 4 – патронның құрсауы (гильза); 5 – режимдерді ауыстырып-қосқыш (бұрғылау/соққымен бұрғылау); 6 – айналым бағытын ауыстырып-қосқыш - реверс; 7– айналымдарды реттегіш; 8 – ажыратқыш пернесі; 9 – пернені жұмыс күйіне бекіту батырмасы; 10 – корпус; 11 – қосымша тұтқа; 12 – білік – бұрғылау тереңдігін шектегіш; 13 – білікті бекіткіш; 14 – тұтқаның қысу сақинасы.

1-сур.

1.7 Бұрғы механизмі тұтқамен бірге жасалған, оң және сол, екі бөліктен құралған, пластик корпусқа орналасқан. Электрқозғалтқыш зәкірінен тегершікпен айналдыру сәті қозғалтқышпен ортақ білікті сүмбіге беріледі. Сүмбінің оймасына (1/2") бұрғылау патроны бекітіледі (1 сурет, 2-4 поз).

1.8 Ажыратқыш пернесі (1 сурет, 8 поз) тұтқаның алдыңғы бөлігіне орналасқан. Пернеге айналымдарды реттегіш дискісі қондырылған (1 сурет, 7 поз). Оның көмегімен 0-ден 3000 айн/мин шегінде сүмбінің айналым жылдамдығын өзгертуге болады. Бұл бұрғыланатын материалға және орнатылған бұрғыға байланысты жұмыстың тиімді режимін таңдауға мүмкіндік береді.

Ажыратқыш пернесінің үстінде реверстің тетікті ауыстырып-қосқышы бо-

лады (1 сурет, 6 поз). Ол бейтарап күйінде перненің кездейсоқ қосылуынан бұғаттайтын функцияға ие. Корпустағы тілі (1 сурет, 10 поз) тетікті ауыстырып қосқан кезде патронның айналым бағытын көрсетеді.

Бұрғының корпусының жоғарғы бөлігінде режимдерді ауыстырып-қосқыш орналасқан (1 сурет, 3 поз). Ол корпуста көрсетілген, «бұрғы»- бұрғылау, «балға» - соққымен бұрғылау символдарымен көрсетілген, екі ереженің біріне бекітіледі. «Соққымен бұрғылау» режимінде соққылы (тіреуіші бар) механизм қосылады, ол бұрғыға жоғары жылдамдықтағы (50000 соққы/минутына) шағын амплитуданың біліктік имульсын береді.

1.9 Қозғалтқыштың электромагниттік кедергілерін азайту үшін, жанында орналасқан байланыс құралдарының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін, бұрғының электр тізбесіне радиокедергілер сүзгісінің конденсаторы мен индуктивтігі орнатылған

## 2. Мақсаты бойынша пайдалану

### 2.1 Құралды пайдалануға дайындау

2.1.1 Жұмысты бастар алдында, бұрғыны желіден ажыратып, келесі аталғандарды тексеру қажет:

- корпус бөліктерінің қосылуының сенімділігін және олардың бұзылмауын, ойма қосындыларының тартылуын, редуктордың жарамдылығын (сүмбіні қолмен айналдырып, қажалмауын) тексеру;
- ажыратқыш пернесінің бекіту батырмасының жұмысын;
- реверстің ауыстырып-қосқышының тетігі жұмысын;
- қуат сымы мен сүңгіме ашасының ақаулығын;
- жұмыс орнының тазалығын және жақсы жарықтылығын.

2.1.2 Бұрғының қыс мезгілінде тасымалдануынан кейін, оны бөлмеде қосу қажеттілігі туындаған жағдайда, құралды ылғал толық кепкенге дейін, бөлме температурасында 2 сағаттан кем емес уақыт ұстау керек.

### 2.2 Мақсаты бойынша пайдалану

2.2.1 Жұмыс құралын (бұрғыны) кілтті патронға орнату/шешу.

Жұмыстың болжанған түріне орай, бұрғыны таңдайды, оны патронға бекітеді:

- патронның құрсауын сағат тіліне қарсы айналдырып (1 сурет, 4 поз), патронның жұдырықшаларын таңдалған бұрғыға артқы ілмегін орнату үшін қажетті қашықтыққа ажыратады (1 сурет, 2 поз);

- патронның жұдырықшалары арасына бұрғының цилиндрлік артқы ілмегі тірелгенше бұрап орнатады;

- бұрғыны бір қолымен ұстап тұрып, екінші қолымен құрсауды патронның үш жұдырықшасы арасына артқы ілмегі тегіс бекігенше бұрайды (сағат тілі бойымен);

- төлкенің үш тесігін, бұрғының артқы ілмегін кезектесе пайдалана отырып, кілтпен тартады (1 сурет, 1 поз).

Бұрғының бекітілуінің сенімділігін тексеріп, бұрғыны желіге қосады және бос жүрістегі патронның айналымын тексереді (бұрғыда соққының болмауы).

Бұрғыны шешу үшін:

- патронның жұдырықшаларының тартылуын кілтпен босатады (төлкенің үш тесігінде де кезектестіре);
- кілтпен патронның жұдырықшаларының тартылуын босатады (төлкенің үш тесігінде де кезектестіре);
- құрсауды сағат тіліне қарсы бұрап, патронның жұдырықшаларын ажыратады және бұрғыны алады.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жұмыс істеген кезде бұрғы жоғары температураға дейін қызады! Бұрғыны алып тастар алдында оның сууын күтіңіз немесе қалың қолғаптар пайдаланыңыз.

Жылдам қызатын патронда жұдырықшалар патронның алдыңғы бөлігінің жылжымайтын артқы сақинаға қатысты айналуымен ажыратылады/қосылады

2.2.2 Қосымша тұтқаны және бұрғылау тереңдігін шектеуішті орнату:

- тұтқаны сағат тіліне қарсы бұрап (өз білігі айналасында), қысу сақинасын босату (1 сурет, 14 поз);
- қысу сақинасын бұрғы корпусының цилиндрлік бөлігіне орнату (1 сурет, 10 поз);
- тұтқаны қажетті күйге орнату, тұтқаны сағат тілі бойынша айналдырып, қысу сақинасын бекіту;

- қысу сақинасындағы бекіткішті қысып (1 сурет, 13 поз), білікті – бұрғылау тереңдігін шектеуішті орнатуға арналған тесікті босату (1 сурет, 12 поз);

- білікті тесікке қою (бұрғының тісті бетінен) және оны бұрғы шеті мен білік бүйірі арасында қажетті бұрғылау тереңдігі қойылатындай күйге жылжыту;

- бекіткішті босатады, білікті таңдалған күйге бекітеді.

2.2.3 Бұрғыны қосу/ажырату:

- бұрғыны қосу үшін ажыратқыштың пернесіне басады (1 сурет, 8 поз);
- батырманы баса отырып (1 сурет, 9 поз), пернені ұстап, ажыратқыш пернесі жұмыс күйіне бекітіледі;
- пернені қайта басқан кезде бекіту батырмасы (сырт етіп) мен перне бастапқы, қосулы күйіне қайтып келеді.

2.2.4 Бұрғымен жұмыс істеген кезде келесі ережелерді сақтаған жөн:

- жеке қорғаныш құралдарын пайдаланады: дененің ашық жерлеріне қызған және абразивтік бөлшектер иеу үшін, арнайы киімде, қолғапта және қорғаныш көзілдірігінде жұмыс істейді;

- бұрғының қатты соққысының алдын алу үшін, бұрғы өңделетін бетпен жанаспауы үшін, құралды қолда ұстап тұрып, электрқозғалтқышты қосыңыз;

- жақсы жөндем, қайралған сұрғыны пайдалану;

- бұрғылау шаңын немесе жоңқасын тазарту үшін, бұрғыны тесігінен жиі-жиі шығарып тұру керек;

- бұрғыны желіге жұмыс бастар алдында ғана қосады;



- қуат көзі сымын қатты тартуға, бұрауға және аяқтың астында немесе басқа заттың астында қалдыруға рұқсат етілмейді;

- бұрғыны ауыстырған кезде, бір орыннан, екінші орынға ауыстыру кезінде, үзіліс кезінде, жұмыс аяқталғаннан кейін, бұрғыны сүңгіме ашасынан ажырату керек;

- кенеттен тоқтап қалған кезде (желіде кернеу болмағанда, бұрғы қарысып қалғанда, қозғалтқыш қызып және қатты ысып кеткенде) ажыратқышпен бұрғыны тоқтатады;

-бұрғы суыған соң, оны ауыстырады;

- шуға қарсы құлаққаптар пайдаланады.

2.3 Қосымша қауіпсіздік шаралары



**Назар аударыңыз!** Бұрғыны пайдаланған кезде **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**:

- патронда көрсетілген мөлшерге сәйкес келмейтін патрондар пайдалануға;  
- ауада қышқылдардың, судың немесе жеңіл тұтатын газдардың жоғары құрамы бар бөлмелерде пайдалануға;

- жеңіл тұтатын және жанғыш сұйықтықтардың немесе материалдардың жа-  
нында жұмыс істеуге;

- қар немесе жаңбыр жауып тұрған кезде ашық алаңда жұмыс істеуге;

- зәкір коллекторының бетінде айналдыра от пайда болып, щеткасы тұтанған кезде бұрғыны пайдалануға;

-жанып жатқан оқшаулағышқа сипатты иіс немесе түтін пайда болған кезде пайдалануға;

-қатты шу, соққы немесе тербеліс пайда болған кезде құралмен жұмыс істеуге..

### 3. Бұрғыға техникалық қызмет көрсету



**Назар аударыңыз!** Осы нұсқаулықтың 2.3 тарауы және 1 қосымшасында көрсетілген, қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптармен таныспай, бұрғымен жұмысты бастамаңыз.

3.1 Бұрғының қызмет мерзімінің ұзақтығы мен оның тоқтаусыз жұмысы, оған дұрыс қызмет көрсетілуіне, ақауларын уақытылы жөндеуіне, жұмысқа мұқият дайындауға, сақтау ережелерін сақтауға байланысты болады.

3.2 Щеткаларын ауыстыру үшін бұрғының корпусын бөлшектеу керек. Пайдаланылған щеткаларды щетка ұстағыштардан шығарады және оларды жаңаларына ауыстырады. Зәкір коллекторына түсетін олардың қысымдарының тең деңгейін қамтамасыз ету үшін, щеткалар жұбымен алмастырады. Ауыстырған соң бұрғының жұмысын бос жүріспен сынайды (2-3 минут).

3.3 Жұмыс аяқталғаннан кейін бұрғылау патронын, қуат көзі сымын, корпус-

сын және желдету тесігін шаңнан және кірден тазартады. Ішкі қуыстарын тазарту үшін шаңсорғышты қолдануға болады.

3.4 Кешенді толық техникалық қызмет пен осы нұсқаулықта аталған операциялардан асатын көлемдегі жөндеуді мамандандырылған сервистік орталықтардың білікті мамандары жүргізуі тиіс.

#### **4. Қызмет мерзімі, сақтау және кәдеге жарату**

4.1 Бұрғының қызмет мерзімі 3 жыл.

4.2 15150 MEMCT (13 кесте) бұрғылар үшін 1 жыл (+5-тан +40°C дейінгі қоршаған орта температурасында дайындаушы кәсіпорынның қаптамасында қоймалық орынжайларда сақтайды) сақтау талабын ұйғарады. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы (УХЛ 3.1 климаттық орындалу үшін) 80% аспауы тиіс.

4.3 Көрсетілген қызмет мерзімі тұтынушы осы нұсқаулық талаптарын сақтаған кезде жарамды.

4.4 Бұрғы ресурсының толық атқарылымы кезінде барлық нормалар мен ережелерді сақтай отырып оны кәдеге жаратады. Ол үшін, барлық заңнамалық талаптарды сақтай отырып, электр жабдығын кәсіби кәдеге жаратумен айналысатын, мамандандырылған компанияға жүгіну керек

**1-Қосымша**  
(міндетті)**ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

(қолмен жасалатын, электрлік соққылы бұрғылаушы)

**1. 1. Электр машиналарының қауіпсіздік шараларының жалпы нұсқаулығы**

**Назар аударыңыз!** Қауіпсіздік шаралары жөніндегі барлық ескертулер мен нұсқамамаларды және барлық нұсқаулықтарды оқып шығыңыз. ескертулердә және нұсқауларды орындамау электр тогінің соғуына, өртке немесе басқа да ақауларға әкелуі мүмкін.

Кейіннен оларға қайта жүгіну үшін, барлық ескертулер мен нұсқауларды сақтаңыз.

Нұсқаулықта қолданылатын «электр машинасы» термині сіздің желіден жұмыс істейтін, электр жетегі бар машинаңызды белгілеу үшін, 60745-1-2011 және 60745-2-1-2014 МЕМСТ пайдаланылады.

**1.1 Жұмыс орнының қауіпсіздігі**

1.1.1 Жұмыс орнын таза ұстаңыз және оның жақсы жарықтандырылуын қамтамасыз етіңіз. Егер жұмыс орны ыбырсып жатса немесе нашар жарықтандырылған болса, бұл жазатайым оқиғағаларға алып келуі мүмкін.

1.1.2 Машинаны жарылыс қауіпті ортада (мәселен, тұтатын сұйықтықтар, газдар немесе шаңдар жанында) пайдалануға болмайды. Метал бойынша бұрғылау, электр қозғалтқыш коллекторы шаңның немесе булардың тұтануына әкелетін, жалынның көзі болып табылады.

1.1.3 Электр машинасы жұмыс істеп тұрған кезде балаларды немесен бөгде адамдарды оның жанына жібермеңіз. Назарын басқа жаққа аудару құралды бақылаудан айырылуға әкелуі мүмкін.

**1.2 Электр қауіпсіздігі**

1.2.1 Электр машиналардың сүңгіме ашалары розеткаларға келеді. Сүңгіме ашалардың құрылымын ешқашан ауыстырмаңыз.

Тұрақты ашаларды және сәйкес розеткаларды пайдалану электр тогінің соғу қаупін азайтады.

1.2.2 Электр машинасын жауын-шашынның әсеріне ұшыратпаңыз және оны ылғалды жағдайда ұстамаңыз. Электр машинасына кірген ылғал электр тогінің соғу қатерін арттырады.

1.2.3 Қуат көзі сымын абайлап пайдаланыңыз. Сымды электр машинасын тасу, сүйреу және ашаны розеткадан суыру үшін пайдаланбаңыз. Жылудың, майдың, өткір жиектердің және жылжымалы бөлшектердің ықпалынан қорғаңыз. Бұзылған немесе бұралған сым электр тогінің соғу қатерін арттырады.

1.2.4 Электр машинасын ашық ауада пайдаланған кезде ашық ауада

пайдалануға жарамды ұзартқышты қолданыңыз.

### **1.3 Жеке қауіпсіздік**

1.3.1 Машинаны пайдаланған кезде сақ болыңыз, өз әрекеттеріңізді бақылаңыз және дұрыс мағынаны басшылыққа алыңыз. Егер шаршап тұрсаңыз немесе дәрілік препараттың әсерінде болсаңыз, жұмысқа кіріспеңіз. Зейіннің шоғырлануын қысқа мерзімге болсын жоғалту, маңызды салдарға әкелуі ықтимал.

1.3.2 Жеке қорғаныш құралдарын пайдаланыңыз. Әрдайым көздерге арналған жеке қорғаныш құралдарын пайдаланыңыз. Шаңнан қорғайтын көзілдірік, бетперде, тайғанаудан қорғайтын, аяқ киім, сәйкес жағдайда қолданылатын, каска немесе құлақпа сияқты қорғаныш құралдары жарақаттану қаупін азайтады.

1.3.3 Машинаны кездейсоқ қосуға жол бермеңіз. Желге қосар алдында ажыратқыштың пернесін бұғаттаңыз.

1.3.4 Электр машинасын қосар алдында барлық реттеу немесе сомындық кілттерін алыңыз.

1.3.5 Жұмыс кезінде бір нәрсеге қолыңызды созбаңыз, әрдайым тұрақты қалпыңызды сақтаңыз. Бұл төтенше жағдайлар кезінде электр машинасына жақсы бақылау жасауға мүмкіндік береді.

1.3.6 Лайықты түрде киініңіз. Салпылдап бос тұрған киім немесе зергерлік бұйым тақпаңыз. Шаштарыңыз, киіміңіз және қолғаптарыңыз электр машинасының қозғалатын бөлшектеріне тиіп кетпесін.

### **1.4 Электр машинасын пайдалану және күту**

1.4.1 Электр машинасына салмақ салмаңыз. Өзіңізге қажетті жұмысты орындау үшін сәйкес мақсаттағы құралды пайдаланыңыз.

Электр машинасы көмегімен, есептелген жұмыс көлемін орындаған қауіпсіз.

1.4.2 Егер ажыратқышы дұрыс болмаса (қоспаса немесе ажыратпаса), электр машинасын пайдаланбаңыз. Ажыратқышын басқара алмайтын, кез келген машина қауіп төндіреді және жөнделуге тиісті.

1.4.3 Қандай да болсын, реттеулерді орындар алдында, бұрғыны ауыстырыңыз немесе оны сақтауға апарар алдында ашаны қуат көзінен ажыратыңыз.

1.4.4 Жұмыс істемейтін электр машинасын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және құралмен және осы нұсқаулықпен бейтаныс тұлғалардың электр машинасын пайдалануына жол бермеңіз. Біліксіз пайдаланушылардың қолдындағы электр машинасы қауіп төндіреді.

1.4.5 Электр машинасының техникалық қамтамасыз етуін қамтамасыз етіңіз. Машинаның дұрыс қосылуын және жылжымалы бөлшектерінің бекітілуін, бөлшектерінің сынбауын және өзге де сәйкессіздіктерін тексеріңіз. Ақау табылған жағдайда, пайдаланар алдында электр машинасын жөндеңіз.

1.4.6 Жұмыс құралдарын таза күйінде сақтаңыз. Дұрыс қолданылған, жұмыс құралы қарысып қалмай, жеңіл басқарылады.

1.4.7 Электр машиналарын, құрылғыларын, құралдарды және т.с. орындалатын жұмыстың талаптарын және сипаттарын ескере отырып, осы нұсқаулыққа

сәкес пайдаланыңыз. Жұмыс құралы үшін есептелмеген операцияға электр машинасын пайдалану қауіпті жағдай тудыруы мүмкін.

### **1.5 Қызмет көрсету**

1.5.1 Сіздің электр машинаңызға тек бірегей қосалқы бөлшектерді ғана пайдаланатын, білікті маман қызмет көрсетуі тиіс. Бұл машинаның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

## **2. Соққылы бұрғылау машинасы үшін қауіпсіздік шаралары нұсқауы**

2.1 Осы қолмен жұмыс істейтін машина соққылы бұрғылау машинасы ретінде қолдануға арналған. Осы қолмен жұмыс істейтін машинамен бірге ұсынылған, қауіпсіздік жөніндегі барлық ескертулермен, нұсқаулықтармен, суреттемелермен және техникалық сипаттамалармен танысыңыз. Төменде келтірілген барлық нұсқауларды орындамау, электр тоғінің соғуына, өртке немесе дененің ауыр жарақатына әкелуі мүмкін.

2.2 Осы қолмен жұмыс істейтін машинаға қырнау, тазарту және жылтырату жұмыстарын жүргізбеңіз.

2.3 Осы машина үшін арнайы арналмаған және дайындаушы ұсынбаған, жұмыс құралын және басқа да қосалқы құрылғыларын пайдаланбаңыз.

2.4 Жұмыс құралының ең көп диаметрі машинаның функционалды мүмкіндіктеріне сәйкес келуі тиіс.

2.5 Бұзылған жұмыс құралын пайдаланбаңыз. Әр пайдалану алдында бұрғыны тексеріңіз. Машина немесе жұмыс құралы құлағаннан кейін, бұзылған жері жоқтығын тексеріңіз. Егер ақау барына күмәнданатын болсаңыз, жаңа жұмыс құралын орнатыңыз.

2.6 Жеке қорғаныш құралдарын қолданыңыз. Орындалатын жұмысқа байланысты бетке арналған қалқаншаны немесе қорғаныш көзілдірігін пайдаланыңыз. Қажет жағдайда, шаңнан қорғайтын, бетпердені, құлаққа арналған қорғаныш құралдарын, қолғаптар мен ұсақ абразивті бөлшектер мен өңделетін материал бөлшектерін ұстап қалатын, қорғаныш алжапқышын пайдаланыңыз.

Қорғаныш құралдары түрлі жұмыстар өндірісі кезінде ұшатын бөлшектерді ұстап қала алатындай болуы керек.

2.7 Бөгде адамдарды тікелей жұмыс аумағына жібермеңіз.

2.8 Қуат көзі кабелін айналмалы жұмыс құралынан қашық орналастырыңыз.

2.9 Қол машинаны жұмыс құралы толық тоқтағанға дейін қоймаңыз. Айналып тұрған бұрғы үстіңгі бетке ілігіп, Сіз машинаны қолдан шығарып алуыңыз мүмкін.

2.10 Тасымалдау кезінде қолмен жұмыс істейтін машинаны қоспаңыз.

2.11 Қолмен жұмыс істейтін машинаның желдету тесіктерін жүйелі түрде тазартып отырыңыз. Электрқозғалтқыштың желдеткіші корпустың ішіне шаң жинайды, металданған шаңның шамадан тыс жиналуы электр тоғінің соғу қаупіне әкеледі.

2.12 Жанында тұтанатын материалдар тұрған кезде қолмен жұмыс істейтін

машинамен жұмыс істеменіз.

Олар абразивті құралмен жұмыс кезінде пайда болған, ұшқыннан тұтануы ықтимал.

### **3. Жұмыстың барлық түрлері үшін қауіпсіздіктің қосымша нұсқаулары**

#### **3.1 Кері серпіліс және сәйкес ескертулер.**

Кері серпіліс – бұл айналып тұрған жұмыс құралының кенеттен қажалуы немесе қарысып қалуына машинаның әсері. Қарысып қалу жұмыс құралының күрт тежелуін тудырады, бұл айналып тұрған жұмыс құралының қарама-қарсы бағытына бағытталған, қолмен жұмыс істейтін машинаға әсер ететін, серпу күшінің пайда болуына әкеледі.

Егер төменде келтірілген шараларды жасаса, кері серпілісті болдырмауға болады.

3.2 Қолмен жұмыс істейтін машинаны мықтап ұстаңыз. Денеңіз бен қолдарыңыз кері серпіліс кезінде пайда болатын, серпу күшін басу үшін дайын күйде болуы керек.

3.3 Айналып тұрған жұмыс құралына ешуақытта жақындамаңыз.

3.4 Кері серпіліс жағдайында жұмыс құралының болжанған қозғалыс аймағында болмаңыз. Кері серпіліс кезінде жұмыс құралы қарысу орнындағы бұрғының айналымының қарама-қарсы бағытындағы бағытқа лақтырылады.

3.5 Бұрыштарда, өткір жиектерде және т.с. жұмыс істеген кезде абай болыңыздар. Жұмыс құралының тербелісі мен қарысып қалуын болдырмаңыз.

### **4. Соққылы бұрғылау жұмыстарына арналған қауіпсіздік шараларының қосымша нұсқаулары**

4.1 Қолмен жұмыс істейтін машинаның осы түріне арналған бұрғыларды ғана пайдаланыңыз.

4.2 Сүреkte үлкен диаметрлі тесікті бұрғылау қажет болғанда алдымен ба-рынша жұқа бұрғыны пайдаланыңыз. Бұл жұмыстың осы түрін жеңілдетеді және машинаға қатты салмақ түсірмейді.

4.3 Бұрғылаған кезде шамадан тыс біліктік күш жұмсамаңыз. Бұл қозғалтқышқа жүктеме түсуіне және құралдың шамадан тыс қызып кетуіне әкеледі.

4.5 Қабырғалардағы текшелерде және басқа да көлеңкелі аймақтарда жұмыс істеген кезде абай болыңыздар. Алға шығып тұрған бұрғы ойламаған кедергіге кездесіп, машинаның кері серпілісіне әкелуі ықтимал

## 2 қосымша

## ГОСТ Р 12.4.026-2015 бойынша қолданылатын нұсқаушы белгілер

Нұсқаушы белгілер		
	II сыныпты машина (ГОСТ Р МЭК 60745-1-2011 бойынша)	Электр тоқ соғуынан қорғау тек негізгі оқшаулағышпен емес, сонымен бірге өзіне қос оқшаулау тәрізді қосымша қауіпсіздік шараларын қосатын машиналар, бұл ретте қорғаныс тұйықтау көзделмейді
	Қорғану көзілдірігін тағып жұмыс істеу	Көру органдарын қорғау қажет етілетін жұмыс орындары мен учаскелерде
	Қорғану құлаққаптарын тағып жұмыс істеу	Шу деңгейі жоғары жұмыс орындары мен учаскелерде
	Тыныс алу органдарын жеке қорғану құралдарында жұмыс істеу	Тыныс алу органдарын қорғау қажет етілетін жұмыс орындары мен учаскелерде
	Қорғану қолғаптарын киіп жұмыс істеу	Қолды зиянды және агрессивті ортадан қорғау, ықтимал электр тогының зақымдауынан қорғау қажет етілетін жұмыс орындары мен учаскелерде
	Штепсельдік айырды ажырату	Жабдықты баптау немесе тоқтату кезінде немесе басқа жағдайларда электр желісінен ажырату қажет етілетін жұмыс орындары мен жабдықта
Ескертуші белгілер		
	Назар аударыңыз! Қауіпті (басқа қауіптер)	Назар аударту үшін осы стандартпен белгіленбеген басқа қауіп түрлеріне қолдану. Белгіні түсіндіруші жазбасы бар қосымша қауіпсіздік белгісімен бірге пайдалану керек.
	Сақ болыңыз! Ыстық беткей	Жұмыс орындарында және қыздыратын беткейі бар жабдықта
	Электр тогының зақымдау қаупі	Электр тарату желілерінің тіректерінде, электр жабдығында және аспаптарда, күш беретін қалқандардың есіктерінде, электртехникалық панелдер мен шкафтарда, сондай-ақ жабдықтың, механизмдердің, аспаптардың ток жүретін қоршауларында

[www.kalibrcompany.ru](http://www.kalibrcompany.ru)

